



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің жекелеген мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 14 қазан N 1258. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті туралы"

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 14 қыркүйектегі N 3113

U963113_

Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің таратылған Бас салық инспекциясының, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің шарттық міндеттемелері бойынша құқықтық мұрагері болып есептелсін.

2.

<*>

3.

<*>

4.

<*>

5.

<*>

Ескерту. 2-5 тармақтар күшін жойған - ҚРҰ-нің 1996.12.27.

N 1652 қаулысымен.

P961652_

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетіне белгіленген тәртіпте бөлу балансына сәйкес негізгі құрал-жабдықтарды, оның ішінде 6 жеңіл автомобильдерді, кеңсе-шаруашылық мүліктерін, мүккәммалды, құралдарды және басқа тауар-материалдық игіліктерді берсін;

1997 жылға арналған және келесі жылдарға арналған республикалық бюджетті жасау кезінде салық қызметінің материалдық-техникалық базасын жақсартуға қаражат бөлуді көздесін.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетіне 1996 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүйесін ұстауға көзделген қаржы есебінен салық қызметі үшін 556017 мың теңге, одан 226646 мың теңге еңбекақы қорына, оның ішінде жергілікті салық органдары үшін тиісінше 522061 және 219035 мың теңге 1996 жылдың аяғына дейін бөлінсін.

8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетінің орталық аппараты үшін қызмет алаңын бөлуді 1996 жылғы 21 қазанға дейін қамтамасыз етсін.

9. "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясы Қазақстан Республикасы Мемлекеттің салық комитетінің тапсырысы бойынша телекс, телетайп және телефон байланысы құралдарын құруды қамтамасыз етсін.

10. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері және басқа орталық атқарушы органдары қабылдаған нормативтік құқықтық актілерін міндетті тәртіпте Мемлекеттік салық комитетіне қызмет бабында пайдалану үшін жіберіп отырсын.

11. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері, облыстар мен Алматы

қаласының мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі комитеттері салық органдарын қажетті әкімшілік үйлермен қамтамасыз етіп, оларды орналастыруды жақсарту мүмкіндігін қарастырсын.

12.

<*>

ЕСКЕРТУ. 112-тармақ күшін жойған - ҚРҰ-нің 1996.11.21.

N 1425 қаулысымен.

P961425_

13. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Салық комитетімен бірлесіп Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 14 қазандағы

N 1258

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитеті
орталық аппаратының құрылымы

Басшылық

Салық полициясы бас басқармасы

Ұйымдастыру-әдістемелік бас басқармасы

Аппарат жұмысын ұйымдастыру жөніндегі бас басқарма

Заңды тұлғалардың табысына салық салу басқармасы

Жеке тұлғалардың табысына салық салу басқармасы

Жанама салықтарға әкімшілік ету басқармасы

Жер қойнауын пайдаланушыларға және инвестициялық

контрактілерге салық салу басқармасы

Жергілікті салықтарға және салықтық емес төлемдерге әкімшілік

ету басқармасы

Салық органдарын құқықтық қамтамасыз ету және салық заңдарын

насихаттау бағдарламасы

Кадр басқармасы

Салық органдарын компьютерлендіру басқармасы

Салық түсімдерін есепке алу және ағымдық талдау бөлімі

Халықаралық салық келісімдері бөлімі

